

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

С.С. Түсіпбеков

**Адам құқықтары мен бостандықтарын
қорғаудың халықаралық стандарттары**

Оқу-әдістемелік құралы

Қарағанды 2019

УДК 341.1(075)
ББК 67. О (5 Каз) я 73
Д 37

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы Оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен жарияланды.

Пікір берушілер:

М.Ш. Какимова - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент.

Д.К. Райбаев - Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, PhD докторы, полиция майоры.

С.С. Түсіпбеков

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары: Оқу-әдістемелік құралы - Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы/ 2019. 120 бет.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары атты оқу-әдістемелік құралының материалдарын жоғары оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарына және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне «Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық қорғау» тақырыбында өзіндік дайындық шеңберінде және сабақтарда пайдалану, сондай-ақ, басқа да аралас пәндерді зерделеу үшін ұсынылады.

УДК 341.1(075) ББК 67. О (5 Каз)я 73 Д 37

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, С.С. Түсіпбеков, 2019ж.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
«Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық қорғау» тақырыбындағы дәріс.....	6
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	40
Тестілеу тапсырмалары.....	42
Өзіндік бақылау сұрақтары.....	57
Семинар сабақ жоспары	60
Әдістемелік ұсыным.....	62
Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.....	64
Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.....	70
Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті.....	89
Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің факультативтік хаттамасы.....	100
Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге екінші факультативтік хаттамасы.....	104
Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар тәртібінің кодексі.....	115

АЛҒЫ СӨЗ

Адам құқықтары — адамның өз мүдделерін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі. Адам құқықтарының қағидалары ұлттық деңгейде Конституцияда (Қазақстан Республткасының Конституциясы, 10-39 баптар) және заң актілерінде (мысалы, Азаматтық Кодексте, Қылмыстық Кодексте, жарлықтарда, арнаулы заңдарда) қарастырылады. Халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғау, ең алдымен адам құқықтары жөніндегі халықаралық билльде негізделген; оған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (1948ж. 10.12.), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт (1966ж. 12.12.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт (1966ж. 19.12.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге факультативтік хаттама (1966ж. 19.12.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге екінші факультативтік хаттама (1966ж. 19.12.) енеді. Адам құқықтарының жекелеген аспектілері халықаралық конвенцияларда көрініс тапқан. Олар адамның нақты құқықтарын немесе кешенді құқықтарын қорғауға: нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жоюға, адамды кепілдікте ұстауға қарсы күресуге, жәбірлеп, қинауға тыйым салуға, апартеидтік қылмыстардың жолын кесіп, ол үшін жаза белгілеуге, т.б. бағытталған. Адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғап, жүзеге асыру ісі Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ), Мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым (МБСЫҰ, яки, ЮНЕСКО), Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сияқты БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің практикалық іс-әрекеттерімен, халықаралық-құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

Адам құқығы — конституциялық құқықтың маңызды институты. Мемлекет ішіндегі құқық, сондай-ақ халықаралық құқық саласын да ол ХХ-ғасырдың 2-жартысында ерекше дамып, бұл адамзат құқығының дамуындағы елеулі қорытындыларының бірі болып келеді.

Адам құқықтарын қорғау механизмі — бұл адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсатында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі. Адам құқықтарын халықаралық қорғау қазіргі құқықтық тәртіптің ажырымас және анықтаушы құзыреті болып табылады. Бірақ адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмін қалыптастыру және оны саралау процесінде түрлі өзгерістерге ұшырайды, атап айтсақ, терминология саласында халықаралық құқық субъектісінің трактаттарына және халықаралық құқық қағидаларына түрлі доктриналдық көзқарастар көрініс беріп, оның дамуына ықпал етіп жатады.

Адам құқықтарын халықаралық қорғау туралы халықаралық құқық нормалары нәсіліне, жынысына, тіліне және діни нанымына қарамастан, барлық адамзат үшін адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жалпыға бірдей сыйлауға және сақтауға әрекеттесу жөнінде мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейді. Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір

мемлекеттің ісі емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі болып табылады.

Адам құқығы саласындағы жалпы танылған халықаралық нормалар қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі, халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілуімен тығыз байланысты. Адам құқығын қорғау жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар, адам құқығының бұзылмауына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды. Егер мемлекет ішінде құқықтық көмек құралдары болмаған жағдайда, халықаралық құқық көзқарарасы бойынша, әрбір адам өзінің мемлекетінің халықаралық шарттары бойынша, адам құқығы мен бостандығын қорғау мемлекет аралық органдарынан көмек алуға болады.

Адам құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау жайында, қоғамдық тәртіпті сақтауда, адам құқықтары мен бостандықтарын, адам денсаулығы мен ар абыройын қорғау негізінде заңда көрсетілген жағдайда ғана шектеледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси ниетпен шектеуге жол берілмейді.

Қазіргі қоғам дамуының негізі адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары мәнінің өсуімен сипатталады. Қоғамның және жеке болмыстың әртүрлі аспектілерін қамтитын адамзат дамуының ең жоғары құндылығы – адам құқығы. Адам құқығын қорғау үшін бірінші кезекте адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын заң мазмұндарында көрсете отырып, оның қамтамасыз етілуі мемлекет тұрғысынан ғана емес, жалпы адамзат, халықаралық қауымдастық тұрғысынан ескерілуі және сол бағытта іс-әрекеттер жасалуы қажет.

Адам құқығы – біздің кезеңіміздің өзекті мәселесі. Сондықтан да әрбір адам және қоғамның әрбір мүшесі декларацияда көзделген құқықтар мен бостандықтардың құрметтелуіне, қорғалуына, ұлттық және халықаралық дамушы шаралар арқылы қамтамасыз етілуіне, танылуына және жүзеге асуына ұмтылуы тиіс.

«Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық қорғау» тақырыбындағы дәріс

Жоспар:

Кіріспе

1. Адам құқықтарының генезисі.
2. Халықаралық құқық қорғау механизмі. Қазақстан Республикасының халықаралық құқық қорғау механизміне қатысуы.

Қорытынды

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, Қазақстан мемлекеті өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары¹.

Құқықтық мемлекеттің тән ерекшеліктерінің бірі - адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілі, олардың шынайылығы және тиімді қорғау механизмі. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында бекітілген адам құқықтары туралы ой-пікірлер жайдан-жай шықпады. Бізге жеткен, құқықтық ескерткіштер әлемдік қауымдастықтағы адам құқықтары мен бостандықтарына көп көңіл бөліп, олардың ең маңыздыларын халықаралық-құқықтық актілерде және тиісті ұлттық құжаттарда қамтамасыз ету екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында: «елде заң үстемдігі қағидаттарын одан әрі бекіту процесінде бір жағынан адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың барынша мүмкін кепілдігіне қол жеткізу маңызды, ал екінші жағынан - барлық мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, азаматтар мен ұйымдар конституциялық міндеттерін сөзсіз және толыққанды орындау» - деп айтылған.

Сонымен қатар, Тұжырымдамада «ұйымдастырушылық-құқықтық шаралармен тығыз байланысты мәселелердің бірі заңды білім беру болып табылады. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған, жаңа қалыптасқан, заңды тұлғалары қажет. Бұл заңды білім беру жүйесіне негізделуі керек².

Барлық қоғамдық өмір салаларын жаһандандыруды жүргізу бағытының маңыздылығы жеке тұлғаның жан-жақты дамыту жағдайын жасау болып табылады. Бұл мемлекеттердің қалыпты экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуын, демократиялық үрдістерді одан әрі жетілдіру және қоғамның

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз, (2019 ж. 23.03. өзгертулер мен толықтырулар).

² Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.

тұрақтылығын, қазіргі заманғы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуын талап етеді.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттің зор мүдделік білдіруімен сипатталады, мемлекеттің осы маңызды міндетті тиімді шешуі үшін арнайы мемлекеттік-құқықтық механизмін қалыптастыруы арқылы ғана мүмкін болады. Тек халықпен құрылатын және бақыланатын демократиялық қоғам адамды, азаматты нағыз бағалай алады және адамның мүддесіне өз саясатын жүргізеді.

Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу жылдарындағы конституциялық теорияның негізіне қойылған ең басты идеялардың бірі, Қазақстан Республикасындағы жоғары құндылық болып адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары танылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде: «Қоғамның идеялық нығаюы Қазақстанның өрлеу шарты ретінде... Біз құрып жатқан қоғамның жоғарғы құндылығы адам болып табылады. Сондықтан, адамға байланысты қайта құру басталды» деп атап өтті³.

Сонымен қатар, біздің республикамызда жеке тұлғаның құқығын қамтамасыз ету, мәселелерін түсіну, құқықтың үстемдігі мен адам бостандығы құқықтық мемлекеттің негізі ретіндегі түсініктің мүмкіншілігін қалыптастырады. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жария етті. Сондай-ақ, оларды тану, сақтау және қорғау бойынша өзіне міндет алады. Аталған қағида Қазақстан Республикасының Конституциясының негізін құрайды.

Демократиялық қоғамды дамыту деңгейі адам құқығы саласындағы халықаралық құқық принциптері мен жалпы танылған нормаларды жариялау ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық заңнамада бекітілуімен анықталады. Қоғамымызда жеке тұлғаның қолданыстағы құқықтары мен ұйымдастырушылық үрдістері өзінің құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асыру мақсатында пайдалануына мүмкіндік туғызатын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, жүзеге асыруға байланысты тиімді әрекет ететін мемлекеттік-құқықтық механизм болуы қажет.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін мойындайды және құрметтейді, оларды ішкі құқыққа имплементациялайды. Соңғы жылдары Қазақстанда адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық актілерге қосылу бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық институционалдық механизмнің юрисдикциясы танылды. Осыған байланысты адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарын, олардың маңызын зерделеу қажет болып табылады.

³ Назарбаев Н. А. Идеиная консолидация общества — как условие прогресса Казахстана. — Алматы, 1993. — 5-бет.

1. Адам құқықтарының генезисі

Адам құқықтары теориясының қалыптасуы ұзақ тарихқа ие. Адам құқықтарының идеясы көне кезде пайда болған. Бұл ұғымның қалыптасуы жалпыазаматтық гуманитарлық философиялық және құқықтық ойдың табиғи эволюциясымен әзірленді.

Адам құқығы Адам және азамат құқығын қарастыру алдында "адам", "жеке адам", "азамат" санаттарының арақатынасын білу маңызды. "Адам" ұғымы табиғи тұрпатта сипатталады, яғни арнайы физиологиялық қасиеттерді бойына сіңірген тіршілік әлемінің өкілі ретінде. "Жеке адам" ұғымы адамды әлеуметтік тұрғыда сипаттайды, яғни қоғамда өзінің рөлі мен орнын және оның алдындағы жауапкершілігін сезінуі (мүмкін болған жағдайлар, егерде адам әр түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты жеке адам бойында болатын қасиеттерді иемденбесе, мысалы, психикалық аурудың салдарынан сот оны әрекет қабілеттілігі жоқ деп таныса). "Азамат" ұғымы адамды заңды тұрғыда сипаттайды, яғни адамның нақты бір мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыстылығын қарастырады. Адам құқығы — адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық⁴.

Адам құқығына мынадай белгілер тән:

- олар қоғамда өмір жағдайының үнемі өзгеріп отыруына байланысты, адамның табиғи және әлеуметтік мәнділігі негізінде туындайды және дамиды; - объективті түрде қалыптасады және мемлекеттің мойындауына тәуелді емес; - туғанынан беріледі; - табиғи (су, жер, ауа, т.б. сияқты) қажеттілік болып табылады, ажыратылмас сипатта болады; - тікелей әрекетті болып табылады; - ең жоғары әлеуметтік құндылық болып танылады; - құқықтың қажетті бөлігі ретінде адамның өмір сүруінің нақты бір түрпатын білдіреді; - жеке адамның өз қалауынша әрекет жасауына мүмкіндік жасайтын, сөйтіп нақты бір игіліктер алуын қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды тұжырымдайтын қағидаттар мен нормаларды білдіреді; - оларды мойындау, сақтау және қорғау — мемлекеттің міндеті.

Адамның өмір сүруі мен лайықты өмір кешу құқығын жүзеге асыру үшін оның дүниеге келуі ғана жеткілікті. Ал басқаша құқықтарын жүзеге асыру үшін адамда азамат, жеке адам қасиеттері болуы шарт. Адамның құқығы мен бостандығы табиғи және ажыратылмас болып табылады, туғаннан бастап беріледі және жоғары құндылық болып табылады.

Мемлекеттің міндеті — адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Мемлекет өзінің азаматтарына жеке адамның қажеттілігіне сәйкес келетін құқық пен бостандықтарды (өмірінің қауіпсіздігі, адамның бостандығы мен ар орданы, өзінің жеке ерекшелігін сақтау және дамыту) қамтамасыз етуге міндетті.

⁴ Глухарева Л.И. Права человека. Гуманитарный курс. М. 2002. 105 бет

Адам құқығы мен азамат құқығының арасында ерекшеліктер бар. Біріншіден, адам құқығы мемлекеттік мойындаудан және заңдық бекітулерден оның кандай да бір мемлекетке қатынасына қарамай тәуелсіз өмір сүреді. Азаматтың құқығы өмір сүріп жатқан мемлекеттің қорғалуында болады. Екіншіден — әлемде көптеген адамдардың азаматтық мәртебесі (азаматтығы жоқ тұлғалар) жоқ, яғни олар формалді түрде адам құқығының иегері болып табылады, бірақ азаматтық құқығы жоқ.

Адам құқығы — бұл әр адамның қадір-қасиетін және бостандығын қорғауды қамтамасыз ететін ережелер. Бір сөзбен айтқанда, бұл адамның толыққанды өмір сүруі үшін қажетті құқықтар.

Бұл құқықтар адам тумысынан беріледі және мемлекеттің тануы байланысты емес. Бұл жерде мемлекет тек бұл құқықтарды бекітеді және оларды орындауға кепілдік етеді.

«Бостандық» дегеніміз не? Бұл сөзді алғаш б.э.д. XXIV ғасырда Шумер билеушілері өздерінің тұрғындары үшін «арсыз салық жинаушыларға санкция қолдану және жесірлер мен жетімдерді билік етушілердің әділетсіз әрекеттерінен қорғау мақсатында қолданған (Шумер, Сумер — Месопотамия ойпатының оңтүстігінде орналасқан ежелгі тарихи аймақ. Ол Тигр мен Евфрат өзендерінің аралығында, қазіргі Ирак аум-ның оңтүстік бөлігінде болған. Қазіргі күнге жеткен жазба деректер бойынша Шумерді — біздің заманымыздан бұрын 3-мыңжылдықтың соңында негізінен шумерлер және аздаған мөлшерде шығыс семиттер — аккадтар мекендеген. Шамамен біздің заманымыздан бұрын 3-мыңжылдықта Шумерде алғашқы мемлекеттік құрылым қалыптаса бастады. Зерттеушілер сына жазуы пайда болып, орныққан б.з.б. 2700–2300 жылы аралығын ерте әулеттік кезеңге жатқызады. Ол кезде бұл аймақта сыртында үлкен отбасылық қауымдар өмір сүрген көптеген қала-мемлекеттер құрылды. Ондағы негізгі халық толық құқықты қауым мүшелері мен оларға тәуелді қалалық ғибадатхана тұрғындары еді. Қалаларда дәулетті қауымдық ақсүйектер пайда болды)⁵.

ЮНЕСКО (Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы) оны адам құқықтарының алғашқы декларациясы деп таныды!

Б.э.д. 539 жылы Ежелгі Парсының алғашқы патшасы Ұлы Кирдің әскері Вавилон қаласын жаулап алды. Бірақ адамзат үшін үлкен жетістік оның келесі әрекеттері болды. Ол құлдарды босатып, барлық адамдар өздерінің дінін таңдауға құқығы және нәсілдік теңдік бар екенін жариялады. Бұл және оның басқа да жарлықтары күйдірілген саздың цилиндрінде жазылды. Артефакт 1879 жылы Вавилон қазбасында табылған.

Адам құқықтары жөніндегі ұғымдардың шығуын б.э.д. V-VI ғасырларға жатқызуға болады, яғни демократия идеялары мен азаматтық принциптері пайда болған ежелгі грек полистерімен (қала-мемлекеттер) байланысты.

⁵Мутагиров Д.З. Права и свободы человека: Учебн. пособие М. 2006. 202 бет

Азаматтарға келесідей саяси құқықтар берілді: еркіндік, мемлекеттік істерді шешу, сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу және т.б.

Б.э.д. V-IV Афинада билік үшін күрес нәтижесінде өз уақытына сәйкес демократиялық режим орнатылған. Осы кезеңдегі адам құқықтарының орнығу қайнар көзі ежелгі грек философтарының идеяларында кездеседі: Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінде құқықты сақтау және қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

Протагордың атақты формуласы (б. з. д. 481-411 ж.ж.) «Барлық заттардың өлшемі – адам, олар бар, бірақ жоқ, олар жоқ» сол уақыттың мемлекеті туралы философиялық ұғымдардың негізінде жатыр. Алайда ежелгі ойшылдар адам құқықтары мен олардың әр түрлі әлеуметтік топтар үшін теңдігі туралы теориялық пайымдаулардан әрі қарай келе алмады. Іс жүзінде сол қоғам үшін әртүрлі сыныптар мен сословиелік құрылымдар арасында адам құқықтарының біркелкі бөлінбеуі және құлдардың толық түзелмеуі тән болды. Оның үстіне, соңғысын адамдар мүлдем мойындамаған, «сөйлейтін құралдар» деп саналған».

Перикл (б.э.д. 494 – 429 г.). Афинада 20 жастан асқан ер адамдар болған халық жиналысын құрды. Жиналыста заңдар қабылданды. Жиналыстың әрбір мүшесі өзінің пікірін білдіруге құқылы болды. Мұның ерекшелігі сол тұрғылықты халықтың кедей таптары да жиналысқа қатысуға мүмкіндігі болды, Перикл оларға егіс алқасында немесе шеберханаларда жұмыс істеген күнінің ақшасын жиналысқа қатысқаны үшін төледі. Сонымен қатар, Афины демостарының көсемі Перикл: 1. Тұңғыш рет кедей демостардың мемлекеттік қызметке тағайындалуына қол жеткізді. 2. Бүкіл грек халқын бір орталыққа біріктіруге күш жұмсады. 3. Оның тұсында Афины қаласында храмдар, театрлар мен саябақтар салынды. 4. Мемлекет қазынасынан Афинының кедейлеген топтарына театрға бару үшін ақша үлестірілді. 5. Перикл әйел құдай Афина құрметіне Парфенон храмын салғазды. 6. Перикл тұсында Афины бүкіл Грекияның мәдени орталығына айналды. 7. Перикл сауатсыздықты жоюға тырысты.

Келесі тағы да бір тоқтала кететін мәселе: **Еркіндіктің ұлы Хартиясы** (Magna Carta) 1215 жылы 15 маусымда ағылшын королі Жерсіз Иоанн қол қойған грамота, адам құқықтары туралы бекітілген бірінші құжат. Жарғы адамға лауазымды тұлғалардың еріксіз әрекеттерінен, заңсыз реквизииттерден және оның мүліктерін қорғайды⁶.

Ұлы хартияның 39-бабы ерекше орын алды, онды еріктілерге қатысты шара қолдану тендестердің заңды үкімі және ел заңы бойынша арастырылды: «Ешбір ерікті адам тұтқынға немесе қамауға алынбайды, иеліктен айырылуға, заңсыз шығарылуға, жерден қуылуға немесе өзге де жолмен құқығын айыруға болмайды және біз оған заңға қайшы және заңмен теңестірілген өзгеше емеспіз» -деп көрсетілді.

⁶ Азаров А., Ройтер В., Хюфнер К. Права человека. Международные и российские механизмы защиты. – М., 2003. 158 бет.

Уақыт өте келе бұл грамота Англияның конституциялық актінің негізін қалады. Хартияға қол қойғанға дейін баррондық талаптары жазылған петиция «Барондық баптар» деп аталады. Хартияға қол қою баронмен күресте корольдің жеңілуін мойындау және король мен оппозиция арасындағы келісім болып табылады.

XV-XVI ғ.ғ. Хартия маңызы жойылғанымен ағылшын революциясы кезеңінде парламенттік оппозиция тарапынан король билігі мен левеллер қызметін қадғалау үшін қолданылды.

Тағы да бір айта кетерлік жағдай:

Хабеас корпусы туралы акт - Англия Парламентінің 1679 ж. қабылданған, Ұлыбритания Конституциясының ажырамас бөлігі болып табылатын заң актісі.

Сотталушыны қылмыс жасағаны үшін қамауға алу және қудалау қағидаларын анықтайды, сотқа азаматтарды ұстаудың және қамауға заңдылықты бақылау құқығын береді; азаматтар осындай рәсімді (латынша аты бойынша habeas корпусымен белгілі) бастауды талап етуге шақырады.

Заңның толық атауы - Азаматтық бостандығын ең жақсы қамтамасыз ету актісі және теңізден басқа жазалауды болдырмау туралы»(яғни, Англиядан тыс).

Осы заңға сәйкес, судьялар оның қамауға алынғанын немесе қамауға алынған немесе соттағы заңдылығын тексеру үшін қамауға алынған адамды сотқа шұғыл түрде беруді талап етуге заңсыз деп күдікті адамның шағымы бойынша талап еткен; айыпталушыны қамауға алу тек қана қамауға алудың себебін көрсететін бұйрықтың ұсынысы бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қылмыстық қудалаудың негізі болған адамға сатқындық немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін айып тағылған жағдайларды қоспағанда, акт басқа жағдайларда барлық Хабеас корпусын беруді міндеттеді.

Англияда 1689 жылғы Құқық туралы Билл қабылданды. Билль (лат. bulla — мөр басылған құжат) — ағылшын-саксондық құқық жүйесінде заң шығарушы органның қарауына ұсынылатын заң жобасы.

Осы актіні қабылдау арқылы адам құқықтарын қорғау одан әрі дамыды. Заңда «соттық шектен тыс өтемақы талаптары, сондай-ақ артық айыппұлдар немесе қатыгездік пен ерекше жазалар қолданылуы» талап етілмейтіндігі туралы айтылды. Онда сөз бен ой-пікір еркіндігін жариялайды. Парламенттің рөлі арта түседі, патшалық билік шектеледі⁷.

Ортағасырдағы құдайға табынушылар мен философтар антикалық ойшылдардың идеяларын табиғи құқық жөнінде қабылдады, оның ішінде меншік пен адамзат бостандығының табиғи табиғаты туралы көзқараста болды. (Исидор Севильский, Грациян, Руфинус және басқалар). Бірақ билік сипатының өзі құдайшыл шығу тегімен негізделді. Феодалдық қоғамның сословиелік құрылымымен сәйкес адамдардың әлеуметтік теңсіздігі және

⁷Права человека. Учебник для вузов. /Под редакцией Холикова А.Д. – Душанбе, 2007 195 бет.

қоғамдық иерархия табиғи (құдайшылдық) заңға жауап береді деген аса маңызды сипатта болды (Фома Аквинский).

Мемлекеттің пайда болуының теологиялық теориясы осы уақытта басым болды. Теологиялық теорияға сәйкес, мемлекет Құдай еркінің нәтижесі болып табылады, тиісінше, адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекет еркіне сай беріп, әлеуметтік және басқа теңсіздіктерді татуластыру керек деп түсіндірді. Теория саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін Құдайдың өкілі ретінде мемлекетке адамдардың бағынуын ұсынды.

Осындай пікірлерге қарсы шыққан, халықаралық құқықты дамытудың негізін қалаған **Гуго Гроций мен Иеремия Бентам** секілді танымал заңгерлердің еңбектерімен анықталғанын атап өткен жөн. Табиғи құқық мектебінің өкілдері бұл постулаттарды қабылдамады. Олар мемлекеттік билікті шектейтін табиғи құқықтардың қол сұғылмайтындығы туралы идеяны айтты.

Г. Гроций (1583-1645) – Голландияның саяси-әлеуметтік және құқықтық философиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, философ, заңгер. Ойшылдың философиялық зерттеулерінің басты салалары: 1. Гносеология (таным). 2. Мемлекет және құқық. 3. Соғыс және бейбітшілік мәселесі. 4. Халықаралық қатынастар.

Гроций табиғи құқық теориясының негізін қалады. Бұл теорияның басты идеялары: 1. Құқық Құдайдан келген жоқ. 2. Құқық бастапқыдан адамға тән, тиесілі. 3. Құқық атаулыны екі үлкен бөлмеге топтауға болады: табиғи құқық және жазылған (позитивті) құқық. 4. Табиғи құқық – адамға табиғатынан берілетін құқық (өмір сүруге құқық, тұлғалық құқық, бостандық құқығы, т.б.) – жазылған-жазылмағанына қарамай, барлық түрі бұлжымай сақталуына тиіс. 5. Жазылған (позитивті) құқық-адамдар өздері шығаратын және арнайы деректерде жазылатын тәртіп нормалары. 6. Ресми (жазылған, позитивті) құқық табиғи құқыққа сүйенуі және оған қайшы келмеуі тиіс.

Бентам Иеремия (1748–1832) - XIX ғасырдың ортасындағы батыстық қоғамның үстем дүниетанымдық көзқарасы либерализм болып танылады. Либералдар индивидтердің еркін әрекет етуіне мемлекет араласпаған жағдайда қоғамдық үйлесімдікке жетуге болады деп санайтын, либерализмнің жарқын қайраткерлерінің бірі ағылшындық философ және құқықтанушы. Бентамның алғашқы еңбегі 1776 жылы жарық көрді («A Fragmenton Government»). 1785 жылы Бентам Ресейге барып, өзінің экономика саласы бойынша хат түріндегі бірінші жұмысын жазады. 1832 жылы 6 маусымында дүние салады. Қайтыс болар алдында Бентам өз денесін ғылымға өсиет етіп қалдырады; оның денесі достарының көзінше ашылып, басы мумияланды; қайта қосылған қаңқасы және балауыздан жасалған пішіні оның өзінің киіміне оралып, шыныдан жасалған қақпағымен тік қорапқа салынды; осының барлығы қазіргі уақытта Лондондық университетте сақталып келеді.

Негізгі еңбектері: «Мемлекеттік басқару туралы үзінді», «Адамгершілік және заңнама негізіне кіріспе», «Конституциялық кодекс», «Жалпы және мәңгі бейбітшілік жоспары», «Анархиялық софизмдер, Француз төңкерісі кезінде жарық көрген Құқық декларациясын зерттеу». Ол сөз бостандығы, шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі, әйелдердің теңдігі, ажырасу құқығы, азаптауға тыйым салған.

Бірақ та Адам құқықтарын реттеу жөніндегі алғашқы әрекеттер әзірше мемлекеттің ішкі құқығы деңгейінде ғана болды. Мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту, алдымен, екіжақты қарым-қатынастармен сипатталды. Мысалы, даулы аумақтың құқықтық мәртебесін реттеу туралы шешім қабылдай отырып, онда тұратын адамдардың (халықтың) мәртебесін айқындау.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басына дейін адам құқықтары мен бостандықтары болып табылатын тәуелсіз халықаралық-құқықтық нормалардың пайда болу процесі түсіндірілуге тиіс.

Адам құқықтары идеясының қалыптасуына табиғи-құқықтық доктрина шешуші әсер етті. Бірақ ол жалпыадамзаттық гуманитарлық ойда жалғыз болып табылмайды. Оған адам құқықтарына позитивтік көзқарас қарсы тұрады. Мемлекеттен туындайды, ол өзінің қалауы бойынша олардың түрлерін, көлемін, мазмұнын белгілейді, яғни «азаматтардың жеке өміріне өзінің араласу шегін белгілей отыра, оларды адамға құрмет етеді».

Осы бағыттың жарқын өкілдері К. Берг, Д. Остин, Г.Ф. Шершеневич, Н.М. Палиенко болып табылады. Табиғи және позитивтік құқық мектебінің қарсыластығы жүздеген жылдарға созылды. Адам мен мемлекеттің өзара қатынастарына түрлі көзқарас қазіргі дейін сақталуда. Бірақ адам құқықтарының қазіргі түсінігі табиғи-құқықтық және позитивтік көзқарастың өзара үйлесімін талап етеді, осыған орай олардың әр-қайсысы бір беткей бола, тарихи-құқықтық доктриналық жаңа таным алды. Осы үйлесім бойынша жеке тұлға үшін аса маңызға ие құқықтар мен бостандықтар адамның табиғатымен белгіленеді, яғни табиғи сипатқа ие, сондай-ақ аталған қоғамның табиғаты үшін де немесе олардың іске асырылуына қолайлы жағдай жасайтын мемлекетке де тиімді. Тәжірибеде адамның табиғи құқықтары позитивтік қайнар көздерде бекіту жолы бойынша жалғасып келеді, негізінде мемлекеттердің конституцияларында. Әсіресе бұл Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қабылданған конституциялардың көпшілігіне тән (ГФР - 1949 ж., Италия - 1947 ж., Жапония - 1947ж. және көптеген Еуропа, Азия, Америка, Африка елдерінің конституцияларында).

Ұлттар лигасы (1919-1946ж.ж.) - [The League of Nations] – «Халықтар арасында әріптестікті дамытып, олардың бейбітшілігі мен қауіпсіздігінің кепілі» болуды мақсат тұтатын халықаралық ұйым. 1919-1920 жылдары Париж бейбіт конференциясында құрылған «Ұлттар Лигасының Жарғысы» бастапқыда 44 мемлекетпен, оның ішінде соғыста Антанта жағында болған 31 мемлекетпен және соғыста бейтараптық ұстанған 13 мемлекетпен

бекітілді. АҚШ Ұлттар Лигасының Жарғысын бекітпей, оның құрамына кірмей қалды.

Ұлттар Лигасының негізгі органдары Ұлттар Лигасының Ассамблея және Кеңесі болды. Ұлттар Лигасында дербес ұйымдар дәрежесінде халықаралық әділ соттың Тұрақты палатасы, Халықаралық еңбек ұйымы және тағы басқаны құрылды. Ұлттар Лигасының негізгі органдары Женевада (Швейцария) орналасты.

Мұндай ауқымдағы халықаралық ұйымның құрылуының негізгі алғышарттары **Бүкіл әлемдік пошта одағы** (1874 жылы негізі қаланған), **Қызыл Крест**, Гаага конференциялары және Тұрақты арбитражды сот (Гаагалық трибунал) сияқты ұйымдар болды. Ұлттар Лигасы І дүниежүзілік соғыстың аяқ шенінде Ян Шмутц, лорд Роберт Сесил, Леон Буржуа сынды көрнекті саясаткерлер, қоғам қайраткерлерінің идеяларының іс жүзіне асуымен болды. Егер бастапқыда Ұлттар Лигасының мүшелері І дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен елдер (АҚШтан өзге), сондай-ақ бейтарап елдердің көпшілігі болса, кейінірек басқа мемлекеттер де кірді: Болгария (1920), Австрия (1920), Венгрия (1922), Германия (1926), Мексика (1931), Түркия (1932). 1930-шы жылдары ортасында Германия, Италия және Жапония тарапынан қауіптің өсуіне байланысты Ұлттар Лигасының 30 мүше мемлекеті КСРО-ға ұйымға кіруге ұсыныс жасады.

1934 жылы 18 қыркүйекте КСРО Ұлттар Лигасына мүше болып, Кеңесте тұрақты орын алды (1939-1940 кеңестік-финляндиялық соғыстың басталуынан кейін Ұлыбритания мен Францияның бастамасымен Ұлттар Лигасы Кеңесі 1939 жылы 14 желтоқсанда КСРО-ны құрамынан шығару жөнінде шешім қабылдады).

Қызметінің бастапқы жылдарында Ұлттар Лигасы бірқатар халықаралық дауларды шешті. Ұлттар Лигасы босқындарға көмек көрсетіп, құлдар сатуды, опиум сатуды ауыздықтап, алғаш рет қоғамдық денсаулық сақтау жағдайына зерттеу жүргізді, мұқтаж елдерге қаржылай көмек көрсетті, еңбек және жұмыспен қамту саласында халықаралық әріптестікті дамытты. Алайда уақыт өте келе ұйым қызметінің тиімділігі күн санап төмендей берді. 1940 жылы Ұлттар Лигасы іс жүзінде өз қызметін тоқтатты. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) Ұлттар Лигасынан дербес қызметін жалғастыра берді, кейіннен БҰҰ жүйесінің арнайы мекемелерінің бірі болды. Ресми түрде Ұлттар Лигасы 1946 жылы сәуірде арнайы шақырылған Ассамблеяның шешіміне сәйкес өз жұмысын тоқтатты.

Ұлттар Лигасы - БҰҰ құрылуына негіз болған, егемен мемлекеттердің халықаралық ұйымының алғашқы үлгісі. Ұлттар Лигасын құру тәжірибесі басқа ұйымдарды құруда қолданылды.

Осылайша, ХХ-шы ғасырдың басында халықаралық қатынастар жаңа деңгейге жетті. Адам құқықтары жөніндегі жеке мәселелерге арналған бірқатар көпжақты келісімдер, әсіресе, осы Ұлттар Лигасының қатысуымен қабылданды.

Мысалы, **1926 жылғы Құлдық туралы конвенция**. Ұлттар Лигасының қамқорлығымен қабылданған ең танымал халықаралық келісімдердің бірі.

Бұл Конвенция: «Құлдық дегеніміз меншік құқығының атрибуттары немесе олардың кейбіреуі қолданылатын адамның жай-күйі мен жағдайы; Еріксіздерді сатуға кез-келген басқыншылық актісі, иемдену немесе адамды құлдыққа сату мақсатында өткізу; еріксіздерді сату немесе айырбастау мақсатында кез-келген иемдену актілері; сату не айырбастау мақсатында алынған еріксізді сату немесе айырбастау жолымен кез-келген өткізу актілері, яғни еріксіздерді саудаға салу және тасымалдаудың басқа да кез-келген актісі жатады» - деп түсіндіреді.

Мақсаты - құлдықты және құл саудасын тоқтатуды растау және жеделдету.

Тағы да бір мысал қарастырсақ, **1929ж. Әскери тұтқындарды ұстау туралы Женева конвенциясы**. Бұл да сол уақыттағы Адам құқықтарына қатысты тағы бір революциялық халықаралық келісім. 1931ж. 19.06 күшіне енді. Женева конвенциялары — соғыс кезінде бейбіт халықты қорғау және әскер мен соғыс тұтқындарын ұстап тұру туралы көп жақты келісімдер. Оларға: «Соғысушы армиялар құрамындағы жаралылар мен аурулардың жағдайын жақсарту туралы» (1864 ж. жасалып, 1906, 1929, 1949 ж. қайта қаралған); «Теңіз қарулы күштері құрамындағы кеме күйреуінің нәтижесінде жараланғандар мен аурулардың жағдайын жақсарту туралы» (1949 ж. жасалып, 1907 жылы Гаага конвенциясын ауыстырған); «Соғыс тұтқындарын ұстау тәртібі туралы» (1929 ж. бекітіліп, 1949 ж. қайта қаралған); «Соғыс кезінде бейбіт халықты қорғау туралы» конвенциялар жатады. Женева конвенциялары соғысушы елдерді соғыс майданында қарсы жақтың ауру немесе жаралы болған әскери адамдарына олардың жынысына, нәсіліне, ұлтына, саяси немесе діни сеніміне қарамастан қажетті көмек көрсетуге және соғыс тұтқындары туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттерге хабарлауды міндеттейді. Соғыс майданындағы дәрігерлерге, санитарлық ұйымдар мен олардың қызметкерлеріне, жаралылар мен ауруларды таситын көлікке шабуыл жасауға тыйым салады, жаралылармен бірге қолға түскен санитарлық қызметкерлер соғыс тұтқыны болып есептелмейді. «Бейбіт халықты қорғау туралы» конвенция бойынша басып алған жерлерде халыққа зорлық-зомбылық жасауға тыйым салынады, керісінше, сол жердің халқын азық-түлікпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүктеледі. Жауласушы мемлекеттер өздерінің армиясын осы конвенциялармен таныстыруға және орындатуға міндетті.

Аталған конвенция Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқындарды ұстау мақсатында жүзеге асырылды. Онда әскери тұтқындардың жеке басына және абыройына құрметпен қарауға құқығы бар; Оларды ұстауда қамқорлық жасау; Диета құрылды (казармадағы сарбаздарға қарағанда жаман емес); Еңбек күні (азаматтық қызметкердің еңбек күнінен аспауға тиіс); Хаттарды жіберу және алу құқығы және т.б.

Әскери тұтқындарға қатысты Женева конвенциясында 53 мемлекет қол қойды. КСРО бұл елдердің арасында болмады. Осыған байланысты Германия КСРО-ға қатысты осы Конвенцияны орындамады.

Сонымен қатар, КСРО-ның осы Конвенцияға қол қоймаған фактісі Германияның Нюрнберг процесінде кеңестік тұтқындарға адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасқа себебі ретінде қолданылды.

Осы жағдайда **Нюрнберг трибуналы** туралы айтпай кетуге болмайды, бұл - халықаралық сот процесі. Оның маңыздылығы, тарихтағы ерекше орны – әскери ауыр қылмыстыларды ғана емес, ең басты да негізгі басқыншылық пен басқыншылардың ғасырлар бойы жазаланбай келген үрдісіне балта шабуы, оны жою болды.

Нюрнберг процесі – Фашистік Германияның басты әскери қылмыскерлер тобына қарсы сот процесі. Нюрнберг қаласында (Германия) 1945 жылдың 20 қарашасынан 1946 жылдың 1 қазанына дейінгі аралықта өтті. Нюрнберг процесін одақтастардың (КСРО, АҚШ, Ұлыбритания, Франция) 1945 жылы 8 тамызда Лондон қаласындағы келісімінің негізінде құрылған Халықаралық әскери трибуналы жүргізді. Сотқа тартылған тұлғалардың барлығына бейбітшілік пен адамзатқа қарсы (әскери тұтқындарды және бейбіт халықты қырып-жою, қоғамдық және жеке меншік мүлікті талан-таражға салу, құлдық еңбек жүйесін орнату, т.б.) қастандық ұйымдастырып, оны жүзеге асырғаны мен аса ауыр әскери қылмыстар жасағандығы жөнінде айып тағылды.

Келесі жағдайға тоқталсақ, **Біріккен Ұлттар Ұйымы** – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы.

Бас кеңсесі орналасуы — Нью-Йорк, АҚШ. Ағымда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д. Рузвельт ұсынды. Декларациясы Сан-Францискода 1945ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл БҰҰ-ның күні деп жарияланды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ең басты әрі негізгі құжаты оның Жарғысы болып табылады. Тарихи деректерді алға тартсақ, Ұйым Жарғысының жобасы КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен жасалған. Құжат бес тілде – орыс, ағылшын, қытай, фран-цуз және испан тілдерінде дайындалып, оған 1945 жылдың 26 маусымында Сан-Франциско конференциясында 51 мемлекет қол қойды. Ал Жарғы сол жылдың 24 қазанында аталмыш конференцияға қатысушы елдердің Жарғыны ратификация-лауларына байланысты күшіне енгізілді. Содан бері 24 қазан халықаралық қоғамдастықта Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылған күні ретінде кеңінен аталып өтіп жүр⁸.

⁸ Ладыгина О.А. Международные стандарты по защите прав и свобод человека. Учебно-методическое пособие. – Караганда 2018. 18 бет.

Көзі қарақты көпшілікке жақсы таныс, Ұйымға мүше барлық мемлекеттер кіретін Бас Ассамблея Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органы саналады. БҰҰ-ға мүше елдердің әрқайсысы шешім қабылдау кезінде бір дауысқа иелік етеді. Жалпыға ортақ ерекше маңызды мәселелер, атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздік, Ұйымға жаңа мүше-лер мен оның бюджетін қабылдау мәселе-лері БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің үштен екісі қатысып, дауыс беру қорытындысы бойынша шешіледі. Сондай-ақ Бас Ассамблея Ұйымның бюджетін қарап, бекітеді. Ұйымның әртүрлі органдарына мүшелер Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынуымен БҰҰ-ның Бас хатшысын сайлайды. Бүгінде Қауіпсіздік Кеңесіне Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания және Франция мемлекеттері тұрақты мүше. Осы тұста айта кетейік, біраз жылдардан бері Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері қатарын көбейту жөнінде мәселе қозғалып жүр. Бірақ әзірше ол шешімін тапқан жоқ.

Жарғысына сәйкес, БҰҰ өз қызметінде келесі 4 мақсатты көздейді:

- бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;
- осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

БҰҰ өзінің көп қырлы функцияларын қосқанда әлемдік қауымдастық қызметінің барлық дерліктей салаларын қамтиды. Оның өзектілігі, әсіресе өсіп келе жатқан ғаламдық тәуелділік пен мемлекеттердің халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде күш-жігерін біріктіруді талап етумен ерекшеленетін қазіргі заманның қақтығыстарын шешудегі рөлі өте зор. БҰҰ мүше мемлекеттері үшін басты маңыздылық Ұйымның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қарусыздану мен жаппай қырып-жою қаруын таратпау секілді өзекті мәселелерді шешуге қатысуы болып табылады. Ұйым, сонымен қатар лаңкестік, есірткінің заңсыз айналымы мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша халықаралық күш-жігер бастамасын көтерді.

Бүгінгі таңда ол халықаралық қауымдастықтың көкейкесті мәселелерін шешудің өзінше бір орталығына айналды: БҰҰ адам құқығын құрметтеуді қолдау, қоршаған ортаны қорғау, аурулармен күрес, жоқшылық ауқымын тежеу, босқындарға көмек, миналарды залалсыздандыру және ЖҚТБ-мен күрес бойынша жүйелі жұмыс атқаруда.

БҰҰ-ның басты мақсаттарының бірі - бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау. Көптеген жылдар бойына ұйым халықаралық дағдарыстардың алдын-алу және ұзаққа созылған қақтығыстарды шешуде маңызды рөл атқарып келеді. Бейбітшілікті орнату мен сақтау және гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі кешенді операцияларды жүзеге асырды. Сонымен қатар ол өршіп келе жатқан қақтығыстардың алдын-алу шараларын қолға алды. Қақтығыс соңынан кейінгі жағдайларда ол зорлықтың түп негізін жою мен тұрақты

бейбітшілік негізін салуға бағытталған ұйымдасқан шараларды жиі қолға алуда. БҰҰ қамқорлығымен келесідей халықаралық құжаттар қабылданды:

- 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (1976 жылы күшіне енді);

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1976 жылы күшіне енді);

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің Факультативтік хаттамасы;

- 1989 жылғы 15 желтоқсанда өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасы.

Адам құқықтарына қатысты аталған халықаралық құжаттардың барлығы тұтастай алғанда **Адам құқықтары туралы Халықаралық Билл** қалыптасады.

«Құқық туралы билль» алғаш рет 1689 ж. Англиядағы парламенттің «корольдік тәжден» мәртебелілігін арттырған «революцияның» (1688) нәтижесінде қабылданды. Сөйтіп бұл құжат 1776 ж. Виргиния штатының «Құқық туралы билл», яки 1791 ж. АҚШ Конституциясына енгізген 10-түзетімнің, сондай-ақ, канадалық «Құқық туралы билльдің» ізашар үлгісі болды. Арада 100 жыл өткен соң Францияда «Адам мен азаматтық құқықтары декларациясының» қабылдануына да елеулі ықпал етті. Сонымен қатар АҚШ пен Ұлыбританияда жекелей, қаржылық және қаржылық емес қарым-қатынастар биллі де қолданылады⁹.

Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада және т.б. ағылшын тілдес елдерде қолданылады. Сондай-ақ, кейбір конституциялық актілер де осылай аталады. Мысалы, «Құқықтар туралы билль» — АҚШ-тағы формалды конституциялық декларация немесе заң шығарушылық ереже. Оның көмегімен үкімет өз азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтарын айқындайды және оларды өз уәкілетін асыра пайдаланған өкіметтің өктемдігінен қорғайды. Осы құжаттардағы нормалар адам құқықтарына қатысты БҰҰ-ның халықаралық стандарттарының негізі болып табылады. Стандарт - үлгі, эталон, модель, жалпы қабылданған ережелер жиынтығы деген мағына береді.

⁹ Ладыгина О.А. Международные стандарты по защите прав и свобод человека. Учебно-методическое пособие. – Караганда 2018. 22 бет

Қорытынды

1. Адам құқығы - әрбір адамның қадір-қасиетін және бостандығын қорғайтын ережелер.

2. Адам құқықтарының бірінші декларациясын Кир Цилиндрі (б.э.д. 539) деп атауға болады. Адам құқықтарының тұжырымдамасы ежелгі грек полистерінде (б.э.д. V-VI ғғ.) Демократия идеяларына негізделген.

3. Адам құқықтары тікелей бекітілген бірінші құжат Еркіндіктің ұлы хартиясы (Magna Carta 1215) болды. Хартияда алғаш рет заң үстемдігі мен кінәсіздік презумпциясы қағидаты жарияланды.

4. Адам құқықтарын қорғау институты 1689 жылы Англияда Құқық туралы Биллі қабылдау арқылы одан әрі дамыды. Гуго Гроций мен Иеремия Бентам сияқты белгілі құқықтанушылардың ғылыми жұмысы халықаралық деңгейде адам құқықтарының проблемаларын шешуге көмектесті. Осы құқықтанушылардың ғылыми жұмыстарының арқасында әлемде өзгеше саяси үрдіс қалыптасты, яғни либерализм мемлекеттің ролін адаммен қарым-қатынаста барынша азайтуды мақсат етті.

5. Алайда, XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басына дейін Адам құқықтарын реттеу процестері мемлекеттің ішкі құқығы деңгейінде ғана жүзеге асырылды.

6. Бұл мәселенің халықаралық аренада пайда болуы 1919 жылы Ұлттар Лигасының қалыптасуы мен көптеген көпжақты мемлекетаралық келісімдердің қабылдануымен сипатталады.

7. БҰҰ қамқорлығымен қабылданған адам құқықтарына қатысты бірқатар халықаралық (жоғарыда аталған) құжаттар Адам құқықтары жөніндегі халықаралық Билл деп аталды.

8. Қазіргі уақытта бұл Билл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды реттейтін құқық болып табылады.

2. Халықаралық құқық қорғау механизмі. Қазақстан Республикасының халықаралық құқық қорғау механизміне қатысуы

Адам құқықтарын қорғау механизмі – бұл адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған нақты құрылымдар (халықаралық және ұлттық соттар, халықаралық ұйымдар, комитеттер, комиссиялар, жұмыс топтары, арнайы баяндамашылар және т.б.) болып табылады.

Адам құқықтарын қорғаудың барлық механизмі мыналарға бөлінеді:

1. Халықаралық (әмбебап, БҰҰ шеңберіндегі, аймақтық, жұмыс істейтін, мысалы, Еуропа Кеңесі шеңберінде) жүйе.
2. Ұлттық (әрбір жеке мемлекетте жұмыс істейтін) жүйе.

Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмі:

- БҰҰ Бас Ассамблеясы және оның қосалқы органдары (Әйелдердің мәртебесі жөніндегі комиссия, кемсітушіліктің алдын алу және азшылықты қорғау жөніндегі кіші комиссия және т.б.);
- Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС);
- Адам құқықтары жөніндегі комитеті (АҚЖК);
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет;
- Азаптауларға қарсы комитет (АҚК);
- Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет;
- Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет;
- Бала құқықтары жөніндегі комитет;
- Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары.

БҰҰ-ның әрбір комитеті тиісті Конвенцияны жүзеге асыру үшін жауап береді.

БҰҰ Бас Ассамблеясы - БҰҰ-ның негізгі консультативтік, шешімдер қабылдау және өкілді органы. 193 мүшеден тұрады. Ол Жарғыда көрсетілген халықаралық мәселелердің толық ауқымын көпжақты талқылау үшін форум ретінде қызмет етеді. Ассамблея кезекті жыл сайынғы отырысында қыркүйек айынан желтоқсанға дейін және одан кейінгі кеңесте қажеттілігіне қарай кездеседі. Штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан¹⁰.

БҰҰ Бас Ассамблеясы бас хатшысы - Антониу Гутерреш 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап жұмыс істейді. Португалдық.

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС) БҰҰ-ның және оның мамандандырылған мекемелерінің экономикалық және әлеуметтік салаларында ынтымақтастықты үйлестіретін негізгі БҰҰ органдарының бірі болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі комитет жеке сапада жұмыс істейтін және төрт жылға сайланған 18 мүшеден тұрады. Қатысушы мемлекеттердің Пактінің шарттары мен оның екі Факультативтік хаттамасын орындауларына бақылау жасау үшін Комитет Азаматтық және саяси

¹⁰ Сейдығалиев Т.Р. Қазақстан Республикасының ІІО қызметінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Оқу құралы. 2016ж. 117 бет.

құқықтар туралы халықаралық пактімен (28-32 баптардың шарттарына сәйкес) құрылған.

- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті мен бірінші факультативтік хаттаманы жүзеге асыруға бақылауды іске асырады.

- Ашық отырыстар кезінде қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын алады және қарайды, әр бір баяндама бойынша қорытынды ескертуді қабылдайды; нақты құқықтар жөнінде жалпы тәртіпте ескертулер енгізеді;

- Адам құқықтарының пактілері мен факультативтік хаттамаларын қатысушы мемлекеттердің бұзғандығы туралы жеке тұлғалардан хаттарды алады және қарайды;

- Қатысушы мемлекеттердің пактіде бекітілген адам құқықтарын бұзғандығы туралы қатысушы мемлекеттердің хаттарын алады және қарайды. Егер қолданған шаралар нәтиже бермесе, онда шұғыл тәртіпте бейбіт шешімге келу мақсатында комиссия құруы мүмкін;

- Комитет ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдарға) жазбаша хаттарды немесе баяндамаларды беруге шақырады¹¹.

Комитеттің хатшылығы Женева қаласында орналасқан. Негізінде жылына үш сессия өткізіледі: Нью-Йоркте наурыз-сәуірде, шілде және қазан-қарашада Женевада.

АСҚХП (азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге) факультативтік хаттамасы (2 бапта) АСҚХП-да белгіленген, бұзылған және барлық бар құқықтық қорғалудың ішкі құралдарын тауысқан жеке тұлғалардың хаттарын комитетке жіберуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар комитет өзінің ұстанымын есеп түрінде хабарлап, БҰҰ жыл сайынғы құжаттарында жарияланып отырады. Комитет мемлекеттерге қатысты ешқандай да санкциялармен немесе мәжбүрлеу құралдарымен әрекет жасай алмайды.

Әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитет (ӘҚКЖЖК).

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға қатысушы мемлекеттердің жүзеге асырылуын бақылайтын тәуелсіз сарапшылардың органы. Әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитет.

Барлық әлемнің әйел құқықтары бойынша 23 сарапшыдан тұрады.

Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар

Ол БҰҰ Бас Ассамблеясында 1993 жылы құрылды. 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Зейд Раад әл-Хусейн болды.

Үкіметтік емес халықаралық ұйым

«Адам құқықтарының сақшысы» штаб-пәтері Америка Құрама Штаттарында, әлемнің 70-тен астам елінде адам құқықтарының бұзылуын

¹¹ Азаров А., Ройтер В., Хюфнер К. Права человека. Международные и российские механизмы защиты. – М., 2003.

бақылайтын, зерттейтін және құжаттайтын үкіметтік емес ұйым болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар әмбебап халықаралық ұйымдар болса, енді адам құқықтарын қорғаудың аймақтық механизмі туралы айтатын боламыз.

- 1948 жылы 30-сәуірде Богота қаласындағы (Колумбия) 9-шы Американдық конференцияда Пан Америка одағының негізінде 1889 жылдан бері құрылған халықаралық ұйым.

- Бас офис Вашингтонда орналасқан. Жұмыс тілдері - испан, ағылшын, француз және португал.

- Жоғарғы органдар - Бас ассамблея, Тұрақты кеңес, Сыртқы істер министрлерінің консультативтік кеңесі, Бас хатшылық.

Африка бірлігі ұйымы (Африка одағы)

- Африка елдерін ұйымдастыру. 2002 жылы Африка одағының атын өзгертті. Африка одағы мемлекеттерінің бірлігін және ынтымақтастығын нығайту, олардың егемендігін, аумақтық тұтастығын және тәуелсіздігін қорғау және адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 1963 жылы Африка одағының Хартиясы негізінде құрылды.

Еуропа Кеңесі

- Еуропалық елдердің мүшелері арасында құқықтық нормалар, адам құқықтары, демократиялық даму, заңдылық және мәдени өзара іс-қимыл саласында ынтымақтасуға жәрдемдесетін халықаралық ұйым.

- Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық комиссия мен Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотты (Страсбург) қамтиды.

Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық механизмі:

- сот жүйесі;

- соттық емес қорғаудың мемлекеттік мекемелері (прокуратура, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Омбудсмен)

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық конвенциялар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласындағы 90-ға жуық түрлі халықаралық келісімдерді ратификациялады.

Олардың негізгісі:

- 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (1976 жылы күшіне енді);

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1976 жылы күшіне енді);

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге факультативтік хаттама; (адам құқықтары жөніндегі Билл)

- 1984 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін мойындайды және құрметтейді, оларды ішкі құқыққа имплементациялайды. Соңғы жылдары Қазақстанда адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық актілерге қосылу бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық институционалдық тетіктердің юрисдикциясы танылды. Осыған байланысты адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарын, олардың Қазақстан Республикасы ІО қызметіндегі маңызын зерделеу қажет болып табылады.

Қазақстан Республикасы 1966 жылғы Пактілерге қосылды¹². Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге бірінші факультативтік хаттамаларға қосылды. Бірінші Факультативтік хаттамаға қосылып, Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның пактіде айқындалған құқықтарын Пактіге қатысушы мемлекет бұзғанын бекітетін жекелеген адамдардың хабарламаларын қарауға қабылдау үшін юрисдикциясын таниды.

Өлім жазасын жоюды көздейтін екінші Факультативтік хаттамаға қосылу белгілі бір қиындықтармен байланысты. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабы өлім жазасы аса қауіпті ауыр қылмыстар үшін ерекше жазалау шарасы ретінде заңмен белгіленгенін көздейді. Хаттаманың 2-бабында қосылу сәтінде жасалған, соғыс уақытында жасалған әскери сипаттағы неғұрлым ауыр қылмыстар жасағаны үшін кінәні танығаннан кейін ғана соғыс уақытында өлім жазасын қолдануды көздейтін ескертпені қоспағанда, осы Хаттамаға ешқандай ескертпелерге жол берілмейді деп көзделген. Бүгінгі таңда екінші Факультативтік хаттамаға шамамен сексен мемлекет қосылғанын атап өткен жөн.

Алайда Қазақстан тарапынан әлі қабылданбаған халықаралық келісімдер бар. Мысалы, 1989 жылғы 15 желтоқсандағы өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасы.

Себебі - Хаттама соғыс уақытында жасалған қылмыстарды қоспағанда, өлім жазасын жоюға бағытталған. Қазақстанда, сәйкесінше Конституцияның 15-бабында өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты лаңкестік қылмыстар жасағаны үшін қарастырылған.

¹² "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-ІІІ Заңы; "Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы № 87 Заңы.

Өлім жазасын орындауға мораторий жариялауға болмайды. Ұсыныс қолданылады, бірақ орындалмайды. Өлім жазасы бізде бар.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы 40/22 қарарымен қабылданған, Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың минималды стандартты ережелері (Бейжің ережелері).

Себеп - Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты әділеттілік туралы түсінік, мемлекеттік әлеуметтік қызмет мәртебесі мен құрылымы әлі анықталмады.

Ережеге сәйкес кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігін іске асыруға белсенді қатысуы тиіс.

1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы конвенция 1998 жылы Қазақстанда ратификацияланғанына қарамастан

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағы.

Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. 2050 жылға қарай әлемдегі ең дамыған 30 елдің бірі ретінде ұлттық құқықтық жүйеге жоғары талаптар қояды.

Қазақстандық құқықтық жүйе дамыған елдердің заңдарымен құқықтарды қорғаудың сенімділігі мен пайдаланудың қарапайымдылығы мәселелерінде теңдей шарттармен бәсекелесе алады.

Қазақстан Республикасындағы соттық емес қорғаудың мемлекеттік институттары.

Прокуратура, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия.

Комиссия қызметі 2003 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Ереже негізінде жүзеге асырылады.

Комиссия консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың Мемлекет басшысының атына және тікелей Комиссияға жолданған, адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпараты бар, өтініштерді қарайды.

Мемлекет басшысына жолданған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын сақтау туралы жылдық және арнайы есептерді құрастырады. Мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден және азаматтардан ұсыныстар қабылдайды.

- Құқықтарды қамтамасыз ету және қорғау механизмдерін жетілдіру және оларды Президенттің қарауына ұсыну туралы ұсыныстар әзірлейді.

- Адам құқықтары мәселелері бойынша заңнаманы талдайды, заң жобаларын дайындауға қатысады.

- Адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар туралы сараптамалық материалдарды, сараптамалық пікірлер мен ұсыныстарды дайындайды.

- Адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдар арасындағы жұмысқа қатысады.

Комиссия Президентпен 5 жыл мерзімге тағайындалады.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (Омбудсменнің атқарушы органы)

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен)

Азимова Эльвира Абылқасымқызы - Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) қызметіне 2019 жылы 03 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Парламент Сенатының Пленарлық отырысында сайланды.

Аталған институт адам құқықтарын мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қол сұғуынан қорғауға, заңнаманы және құқық қолдану практикасын дамытуды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

- Омбудсменнің барлық қызметі Қазақстан Республикасының БҰҰ конвенцияларын ратификациялау туралы халықаралық міндеттемелеріне және осындай институттардың жаһандық тәжірибесіне сүйене отырып жасалады. Омбудсмен үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ және халықаралық ұйымдармен тығыз жұмыс істейді. Омбудсмен жұмысының принциптері жариялылық, объективтілік және бейтараптық болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ереже. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен бекітілген.

2017 жылғы 10 наурызда Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Парламент Сенатының пленарлық отырысында сайланады. Бұрын Республика Президентімен тағайындалған болатын.

Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары жөніндегі уәкіл (2019 жылдың шілде айынан) Аружан Саин – тележүргізуші, қоғам қайраткері, ауыр дертке шалдыққа балаларды шетелде емдету үшін қаржы жинаумен айналысатын «Қайырымдылық» қоғамдық қорының директоры.

Мысалы, көптеген еуропалық елдерде Омбудсменнің заңнамалық бастамаға құқығы бар;

- прокурорлардың орнына заңдылықты жалпы қадағалауды жүзеге асырады;

- Польшада омбудсмен бас прокурормен, әділет министрімен, Жоғарғы Сот Төрағасымен бірге қадағалау наразылықтарын жіберуге құқылы.

- Молдовада омбудсмен (парламенттік адвокат) қызметкердің құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау үшін сотқа немесе тиісті органдарға жүгіне алады.

Қазақстан Республикасының азаматтарының Омбудсменге өтініш жазған статистикалық мәліметтер.

Мысалы: Өскемен қаласының «Евангелия жаңа өмірімен сенушілердің шіркеуі» деп аталатын жергілікті діни бірлестігінің мүшесі, Н. деген азамат Адам құқықтары жөніндегі омбудсменге діни бірлестікті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бап. 1-тарм. 1-тармақшасы (діни рәсімдерге қойылатын талаптарды бұзу) бойынша кінәлі деп таныған сот қаулысымен келіспеу туралы өтініш жасады.

Қарау материалдары бойынша: Осы діни бірлестіктің мүшелері демалыс уақытында діни іс-шараларды өткізу орнымен алдын-ала келісім жасалмай, діни рәсім ретінде қарастырған әндерді орындады деп сотпен танылады. Азамат Н. өз шағымында орындаған әндерге діни сараптама жүргізілмеді, сондықтан олардың пікірінше, сот шешімі негізсіз деп көрсетеді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жауабы: Осы апелляцияға жауап ретінде, Уәкіл сот іс-қимылдары мен шешімдерінің шағымдарын қарастырмайтынын айтып, сонымен қатар, апелляцияның көшірмесі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына ақпарат үшін жіберілді.

Тағы да бір мысал, Уәкілге Алматы қаласының әкімдігі тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша ата-анасынан мұраға қалған 2 бөлмелі пәтердегі үлесті иеліктен шығаруға байланысты мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін кезекке қою туралы шешімі бойынша жетім ағалы-інілері шағымданды.

Омбудсмен прокуратура тарапынан араласқаннан кейін Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына тұрғын үй комиссиясына өтініш берушілердің кезегін өзгерту туралы мәселені қайта қарау қажеттігі туралы ұсыныс жіберіледі. Осылайша, аағлы-інілердің құжаттары тұрғын үй комиссиясының отырысына ұсынылды, оның негізінде олардың кезегін қайтару туралы шешім қабылданды.

БҰҰ-ның Қазақстанға қатысты өтініші. БҰҰ деректері бойынша

- 2010 жылға дейін БҰҰ-ның Қазақстанға қатысты комитеттеріне шағымдар түскен жоқ.

- 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 16 адам БҰҰ-ның Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі комитетіне жүгінді.

- Олардың ішінен оң шешімдер қабылданды - 12.

- 4 қабылданбайтын хабар.

- 2012 жылдан бастап БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы комитетіне 9 адам шағымдалды.

- 8 оң шешім, 1 бас тарту.

• БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті 1 адам шағымдалды. Оң шешім қабылданды.

Мысалы. БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне Александр Герасимовтың жүгінуі (2010).

Адам құқықтары жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро ұсынған.

Шағым арыздың себебі: қылмыс жасағаны үшін күдікті ретінде полиция қызметкерлерінің азаптауы.

БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің шешімі: тиісті, әділ тергеу жүргізу, адамның осындай әрекеттерін жасаған тұлғаларды айқындау, өтініш берушінің және оның отбасының қорқыту мен қорқытудан қорғауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау. Өтініш берушіге келтірілген шығынды толық өтелуін қамтамасыз ету. Болашақта мұндай бұзушылықтарға жол бермеу.

Александр Герасимов - Қостанай қаласының тұрғыны. егде жастағы әйелді өлтірді деген күдікпен полиция қызметкерлерінен зардап шегеді. Жедел уәкілдердің бірі бүйректеріне бірнеше ауыр соққы жасаған, басқа да жедел уәкіл қызметкерлері сексуалдық зорлық-зомбылықпен қорқытқан. Полиэтилен қаппен тұншықтырған. Тергеуші оны басынан үлкен кітаппен ұрған. Ұстау тіркелген жоқ, адвокат берілмеді. Герасимов аурухананың нейрохирургиялық бөліміне жабық ми жарақатының диагнозымен, көптеген көгертулермен жеткізілді.

Қазақстандық шешім Астана қалалық сотымен азаптағаны үшін моральдық шығын төленді. (2 млн. теңге)

БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитетіне Анна Белоусова 2012ж. шағым жасайды (1981 жылы туған, мектеп тазалаушысы).

Адам құқықтары жөніндегі бюросының көмегімен Евгений Цепенников пен Анастасия Миллердің адвокаттығымен ұсынған.

Шағымдану себебі: әйелдерге қатысты кемсітушілік, бастығының қудалауы, ақшаны қорқытып алу.

БҰҰ Комитетінің шешімі: моральдық және материалдық зиян үшін өтемақы және қаржылық өтемақы беру, оның ішінде соттық алымдарды өтеу, директордың көпшілік алдында кешірім жасау.

Қысқаша ақпарат: Анна Белоусова Перцевка кентіндегі орта мектепте техникалық қызмет атқарады. Әр оқу жылында ол 15 қыркүйектен 15 мамырға дейін жұмыс істейді, оның еңбек келісім-шарты жыл сайын ұзартылады.

Мектеп директоры оның жұмысының жалғасуы оның онымен тығыз қарым-қатынасқа түсуіне байланысты болады деп түсіндіреді. Бас тартқан жағдайда ол директорға 10 000 теңге төлеуі тиіс. Белоусованың жалақысы 15 000 теңгені құрады. Белоусованың директормен жыныстық қатынаста болудан бас тартуы немесе оған ақша төлемеуімен байланысты, оның еңбек келісім-шарты келесі жылға ұзартылмаған.

Әйел қалалық білім басқармасына (Қостанай қ-сы) және полицияға шағым түсірді, бірақ тергеуді бастау үшін негіздің болмауына байланысты қылмыстық іс қозғалған жоқ.

Қазақстанның шешімі: Қазақстан қазіргі уақытқа дейін шешім қабылдаған жоқ, БҰҰ Комитетінің құжатының заңдылығына дауласпайды, бірақ Қазақстанда оны жүзеге асыратын орган жоқ. Бірақта, БҰҰ комитеті Белоусованың құқығын қалпына келтіруге және Қазақстанға тиісті өтемақы төлеуге қойылатын талаптарды орындауды көрсетті.

Қазіргі уақытта азаматша Белоусова Астана қаласының Сарыарқа ауданы сотына БҰҰ комитетінің шешімін орындау үшін Қазақстанның мемлекеттік қазынасының өкілі ретінде Қаржы министрлігінен жеті миллион теңге сомасында өндіріп алу үшін жүгінді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың негізінде мемлекеттік емес ұйымдар (азаматтық қоғам институттары), мысалы, Халықаралық адам құқықтары жөніндегі бюросының Қазақстандағы бөлімшесі Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғау механизмінде белсенді рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық бюроның Қарағанды филиалы Юрий Анатольевич Гусаков – Адам құқықтары жөніндегі халықаралық бюроның Қарағанды филиалының директоры.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықпен өзара іс-қимыл жасайтын үкіметтік емес ұйымдардың тізімі:

- «Ардагер» қоғамдық бірлестігі; - «Қазақстанның балалар қоры» қоғамдық қоры; - «Жігер» мүгедектігі бар жастар ұйымы; - «Сана Сезім» әйелдер бастамасының құқықтық орталығы »қоғамдық бірлестігі; - «Әділет орталығы» МКК; - «Адам құқықтары үшін Хартия» қоғамдық қоры және т.б.

Қорытындылай келе, ғылыми ортада қазіргі уақытта Қызметшілер құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру мүмкіндігі туралы пікірталастар жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді.

Мысалы, Голландияда қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық механизміне ерекше назар аударылады.

Адамның беделі, өзін-өзі бағалауы, кәсіби ар-намысы мен кәсіптік құзыреттілігіне жасалған шабуыл - өмірге жасалған шабуылдан кем емес қылмыс.

Сыбайлас жемқорлық қалыптасқан ұйымдарда адамдарды осындай қасиеттерден айыру үшін бар күш-жігерімен ұмтылатыны құпия емес. Мұндай ұйымдардағы қызметкерлер - әлсіз адамдар, басқаруға оңай әрі икемге келе беретін адамдар және кез-келген өзгеріске қорғансыз адамдар болып келеді. Сондықтан осындай институттың құрылуы адам құқықтарын қорғау саласында алға қадам жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

1. Адам құқықтарын қорғау механизмі - адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған белгілі бір құрылымдар болып табылады.

2. Адам құқықтарын қорғаудың барлық механизмі халықаралық және ұлттық деңгейге бөлінеді.

3. Халықаралық, өз кезегінде, әмбебап (БҰҰ) және аймақтық (Еуропа Кеңесі, ТМД, Африка одағы және т.б.).

4. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмі БҰҰ Комитеттерінің қызметін қамтиды.

5. Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы халықаралық тетіктерге қатысуы осы саладағы ратификацияланған халықаралық шарттармен анықталады.

6. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласында 90-ға жуық халықаралық шарттарды ратификациялады.

7. Адам құқықтары туралы Билл, 1989 жылғы 15 желтоқсандағы өлім жазасын жоюға бағытталған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасын қоспағанда ратификацияланды.

8. Көптеген жағдайларда көптеген халықаралық келісімдерді ратификациялаудың себептері қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында оларды жүзеге асыру механизмінің жоқтығы болып табылады.

9. Адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік механизмі мыналар: сот жүйесі, прокуратура, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Омбудсмен.

10. Көптеген еуропалық елдерде Омбудсмен заң шығару бастамасы, прокуратураның орнына жалпы қадағалауды жүзеге асыруға, қадағалау наразылықтарын жасауға құқылы.

БҰҰ жүйесінде адам құқықтарын қорғайтын механизмдер

Адам құқықтары жөніндегі комиссия БҰҰ адам құқықтары мәселелерімен айналысатын басты орган болып табылады. Оның құрылуы БҰҰ Жарғысымен көзделген. 1946 жылы адам құқықтарына қатысты мәселелер бойынша Кеңеске көмек көрсету мақсатында және адам құқықтары туралы Халықаралық билльді өңдеу мақсатында Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеспен ресми бекітілді¹³.

Қазіргі уақытта үш жылдық мерзімге ЭКОСОС-пен сайланған 53 мемлекет мүшелерінің өкілдерінен, келесідей аймақтық квота бойынша: 15 африка мемлекеттерінен, 12 азия мемлекеттерінен, 11 Латын Америкасы мен Кариб мемлекеттерінен, оны Батыс Еуропа мен өзге мемлекеттерден және бесеуі шығысеуропалық мемлекеттерден тұрады. Комиссияның құзыретіне адам құқықтары мәселелерінің барлық аспектілері және оның қызметіне барлық деңгейдегі халықаралық қауымдастықтың қатысуы кіреді. Соңғы жылдары Комиссия мынандай мәселелерді мысалы, әр елдердегі адам құқықтарының жағдайы ретінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, өзін-өзі билеу, азаптау, «жоғалу», өлім жазасы, сөз бостандығы құқығы, қамауға алу, балалар құқығы, нәсілдік кемсітушілік, апартеид, азшылықтардың, еңбекші-мигранттардың құқықтары, тұрғылықты халықтың мәселелері, адам құқықтары туралы халықаралық пактілерді және т.с.с. талқылады.

Комиссия адам құқықтарының жалпы мәселелері мен кейбір нақты мемлекеттердің жағдайын ескеріп, оларды кең ауқымда қарастырады және шешім қабылдайды. Зерттеу жүргізеді, адам құқықтары аясындағы стандарттарды белгілейтін халықаралық құжаттарды өңдейді, сондай ақ оның қосымша органы адам құқықтарын қорғау және марапаттау жөнінде комиссиясымен әзірленген ұсыныстар мен зерттеулерді қарастырады. Сонымен қатар комиссия Бас Ассамблеямен немесе ЭКОСОС-пен қойылған арнайы міндеттерді, оның ішінде адам құқықтарының бұзылғандығы туралы өтінішті қарау және осындай бұзушылықтарға қатысты хабарламасын өңдеу міндеттерін орындайды. Ол адам құқықтары саласындағы құзырлы БҰҰ басқа да органдарымен тығыз байланысқан. Сонымен бірге, БҰҰ барлық жүйесінде адам құқықтары жөнінде әрекеттердің үйлесуіне ЭКОСОС-қа көмек көрсетеді.

Комиссия жылына бір рет Женева қаласында алты апталық сессияға жиналады. Әдетте оның отырысы ашық есікте өткізіледі. Ашық отырыс кезінде Комиссияның мүшесі болып саналмайтын үкіметтердің өкілдері және ЭКОСОС-тың кеңесші мәртебесі берілген үкіметтік емес ұйымдар күн тәртібіндегі тақырыптар бойынша жазбаша немесе ауызша өтініш жасауға және қатысуға болады.

Комиссия тікелей ЭКОСОС-қа бағынады және оның алдында жылсайын есеп береді. Өз кезегінде, Кеңес комиссияға нұсқаулар немесе

¹³ Сейдығалиев Т.Р. Қазақстан Республикасының ІІО қызметінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Оқу құралы. 2016ж.

негізгі бағыттар бере алады. Комиссияның баяндамасы ашық құжаттар, қол жетерлік, оның ішінде Интернет арқылы адам құқықтары жөнінде БҰҰ Жоғарғы Комиссарының сайтында баяндалады. Онда сессия жұмысының нәтижесі қорытындыланады және сонымен бірге қабылданған шешімдердің мәтіндері оқылады. Бұдан басқа, тыңдалу туралы есептің анық қорытындалары жария етіледі.

Адам құқықтарын мадақтау және қорғау жөнінде комиссияның қызметі ерекше маңызға ие. Бұл комиссия зерттеулер жүргізу үшін, ең алдымен адам құқықтарының жалпы декларациясын басшылыққа ала отырып, адам құқықтары жөнінде комиссиямен бекітілген.

Комиссияның басқа да міндеті - бұл адам құқықтарын қорғау комиссиясына адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын және нәсілдік, ұлттық діни және тілдік азшылықты қорғауға байланысты кез келген түрдегі кемсітушіліктің алдын алу туралы ұсыныстарды әзірлеу, сондай ақ ЭКОСОС-тың немесе адам құқықтары жөніндегі комиссияның алған кез келген өзге де қызметтерін орындау болып табылады.

Ол Женевада жыл сайын үш апта бойы шілде-тамыз аралығы жиналады. Комиссия үкіметтермен ұсынылған және адам құқықтары жөніндегі Комиссиямен төрт жылдық мерзімге сайланған 26 тәуелсіз сарапшылардан тұрады. Комиссияның жарты мүшесі екі жыл сайын қайта сайланады.

Бас Ассамблея қырық сегізінші сессиясында **БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссардың** лауазымдық орнын енгізуге шешім қабылдады. (1993ж. 20 желтоқсандағы 48/141 резолюциясы). Бас Ассамблеяның мақұлдауымен БҰҰ Бас хатшысы адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары канадалық Луиз Арбурды тағайындады. Өз резолюциясында Бас Ассамблея Жоғарғы комиссардың белгіленген міндеттерін тізімдеді:

- дамуға құқықтылықты қоса алғанда бүкіл азаматтық, мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік құқықтарды барлық адамдардың тиімді жүзеге асыруын мадақтау және қорғау;
- мүдделік танытқан мемлекеттерге олардың өтініші бойынша адам құқықтары саласында кеңес беру, техникалық және қаржылық көмек көрсету;
- адам құқықтары саласындағы БҰҰ оқу және насихаттық бағдарламаларын үйлестіру;
- адамның барлық құқықтарын толық жүзеге асыру жолында тосқауылдарды жою және бүкіл әлемдегі адам құқықтары бұзушылықтарының жалғасуын болдырмау;
- адамның барлық құқықтарының құрметтелуін қамтамасыз ету мақсатында үкіметтермен пікір алмасуға қатысу;
- адамның барлық құқықтарын мадақтау және қорғау мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

- БҰҰ барлық жүйесінің шеңберінде адамның барлық құқықтарын мадақтау және қорғау аясындағы қызметін үйлестіру, сондай ақ адам құқықтары аясындағы БҰҰ механизмдерін олардың әрекеттілігі мен тиімділігін жоғарлату мақсатында нығайту, жеңілдету, тұрақтандыру.

Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар жыл сайын өзінің қызметі туралы БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комиссияға, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске және БҰҰ Бас Ассамблеясына баяндама жасайды. Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы Женева қаласында орналасқан және Нью-Йоркте бөлімшесі бар.

БҰҰ шеңберінде адам құқықтарының стандарттарынан тұратын, бірқатар келісімдердің орындалу барысына бақылау жүргізу үшін құрылған **шартты органдар** бар:

- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөнінде комитет;
- Адам құқықтары жөнінде комитет;
- Нәсілдік кемсітушілікті жою жөнінде комитет;
- Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою туралы комитет;
- Азаптауға қарсы комитет;
- Балалар құқығы жөнінде комитет;
- Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерін қорғау жөнінде комитет¹⁴.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы комитет

Бұл комитетке 1976 жылы күшіне енген экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні қатысушы мемлекеттердің орындауларына бақылау жасау тапсырылған. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ басқа шартты органдарынан айырмашылығы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Комитет тиісті шарттың ережелері негізінде емес, ал 1985 жылғы ЭКОСОС-тың шешімі бойынша бекітілген.

Пактінің қатысушы мемлекеттері Комитетке әр бес жыл сайын экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні жүзеге асыру туралы баяндама ұсынулары қажет. Қатысушы мемлекеттердің баяндамаларының мәселелері бойынша жұмыс тобы бес мүшеден тұрады. Жұмыс тобының отырысы кезінде үкіметтік емес ұйымдар қатысушы мемлекеттердің баяндамалары бойынша ескертулер жасай алады. Олар сондай ақ, Комитетке жазбаша түрде ақпараттар немесе баяндамалар беруге құзырлы.

Комитет пактінің қатысушы мемлекеттерімен ұсынылған тұлғалардың тізімінің ішінен ЭКОСОС-пен сайланатын 18 мүшеден тұрады. Олар адам құқығы саласындағы сарапшылар ретінде сайланады. Әр жылдың

¹⁴ Адам құқықтарын қорғау полиция қызметі мен міндеті ретінде. Оқу құралы. 2015ж.

мамырында және қараша-желтоқсанында Комитет үш апталық сессияға Женева қаласында бас қосады; оның отырысы жұртшылық үшін ашық болып есептеледі.

Өңдеу үрдісі кезінде Комитеттің жеке немесе мемлекетаралық қатынастарды қарастыруы үшін рәсімді белгілейтін, Пактіге байланысты қосымша хаттама сұрыпталады.

Адам құқықтары жөнінде комитет

Комитет жеке сапада жұмыс істейтін және төрт жылға сайланған 18 мүшеден тұрады. Қатысушы мемлекеттердің Пактінің шарттары мен оның екі Факультативтік хаттамасын орындауларына бақылау жасау үшін Комитет **Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактімен** (28-32 баптардың шарттарына сәйкес) құрылған.

- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті мен бірінші факультативтік хаттаманы жүзеге асыруға бақылауды іске асырады.

- Ашық отырыстар кезінде қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын алады және қарайды, әр бір баяндама бойынша қорытынды ескертуді қабылдайды; нақты құқықтар жөнінде жалпы тәртіпте ескертулер енгізеді;

- Адам құқықтарының пактілері мен факультативтік хаттамаларын қатысушы мемлекеттердің бұзғандығы туралы жеке тұлғалардан хаттарды алады және қарайды;

- Қатысушы мемлекеттердің пактіде бекітілген адам құқықтарын бұзғандығы туралы қатысушы мемлекеттердің хаттарын алады және қарайды. Егер қолданған шаралар нәтиже бермесе, онда шұғыл тәртіпте бейбіт шешімге келу мақсатында комиссия құруы мүмкін;

- Комитет ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдарға) жазбаша хаттарды немесе баяндамаларды беруге шақырады.

Комитеттің хатшылығы Женева қаласында орналасқан. Негізінде жылына үш сессия өткізіледі: Нью-Йоркте наурыз-сәуірде, шілде және қазан-қарашада Женевада. АСҚХП (азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге) факультативтік хаттамасы (2 бапта) АСҚХП-да белгіленген, бұзылған және барлық бар құқықтық қорғалудың ішкі құралдарын тауысқан **жеке тұлғалардың хаттарын** комитетке жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар комитет өзінің ұстанымын есеп түрінде хабарлап, БҰҰ жыл сайынғы құжаттарында жарияланып отырады. Комитет мемлекеттерге қатысты ешқандай да санкциялармен немесе мәжбүрлеу құралдарымен әрекет жасай алмайды.

Азаптауға қарсы комитет

Бұл комитет он сарапшыдан тұрады. Комитет 26.06.1987 ж. күшіне енген **азаптау және өзге де қатал адамгершіліксіз немесе абыройын**

қорлайтын қарау мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияны жүзеге асуын қадағалайды¹⁵.

- Ашық отырыс кезінде қатысушы-мемлекеттердің баяндамаларын алады және қарайды.

- Жеке хабарламаларды алады және қарайды, егер аталмыш қатысушы мемлекет осы саладағы комитеттің құзыретін таныған жағдайда (Конвенцияның 22-бабы).

- Жабық отырыстарда жүйелі азаптаулар туралы баяндамаларды алады және қарайды.

- Конвенцияның 20-бабын негізге ала отырып, Комитет әрекет жасай алады, оның ішінде, жасалған жері бойынша тергеу жүргізу. Көрсетілген баптағы комитеттің белгіленген барлық әрекеттері жабық түрде.

- Үкіметтік емес ұйымдардан алған ақпаратты ескереді.

Комитеттің хатшылығы Женева қаласында орналасқан. Жылсайын екі сессия өткізеді: сәуір-мамырда және қарашада. Комиссияның әр бір сессиясында БҰҰ Бас хатшысы баяндамалардың ұсынылмағандығы туралы барлық жағдайларды комиссияға хабарлайды.

Конвенцияның 20-бабына сәйкес Комитет егер де ол қандай да бір қатысушы мемлекеттің аумағында азаптаулар жүйелі қолданғандығы туралы толық негізделген көрсеткіштерден тұратын анық ақпарат алғанда тергеу жүргізуге шешім қабылдай алады. Осындай тергеу мүмкіндігі барлық қатысушы мемлекеттерге қолданылады. Конвенцияның 20-бабында қарастырылған рәсімнің екі ерекшелігі бар: құпия сипатта және тиісті қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастыққа ынталану.

2003 жылдың 1 қаңтарында тұлғаның бас бостандығынан айрылу мәселелесі туралы тәуелсіз халықаралық және ұлттық органдармен жүзеге асырылатын жиірек қатысу жүйесін құруға бағытталған, Конвенцияға қол қою үшін факультативтік хаттама ашылды. Осы мақсатта азаптауға қарсы комитеттің шеңберінде азаптау және өзге де қатал адамгершіліксіз немесе абыройын қорлайтын қарау мен жазалау түрлеріне қарсы алдын алу жөнінде комитетті, сондай ақ ұлттық сақтандыру механизмдерін құру қарастырылады.

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет

Комитет 1969 жылы құрылған нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияға сәйкес құрылған және 18 сарапшылардан тұрады:

- Ашық отырыстарда қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын алады және қарайды.

¹⁵ Азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін тиімді тергеу мен құжаттау жөніндегі нұсқаулық

- Конвенцияның қатысушы мемлекеттерінен адам құқықтары бекітілген қатысушы мемлекеттердің конвенцияны бұзушылықтары туралы хабарлама алады.

- Жеке хабарламаларды алады және зерделейді, егер аталған қатысушы мемлекет Комитеттің тиісті құзыретін танығанда.

- Бұрын хабардар етілген және тез арадағы әрекет етудің жаңадан енгізілген рәсімі бойынша бұзушылықтармен айналыса алады.

Комитет әр бір алынған баяндамалар бойынша өзінің қорытындысын шығарады. Комитеттің хатшылығы Женевада орналасқан. Жылсайын комитет ұшапталық сессиясын, яғни наурызбен тамызда өткізеді.

Осыған орай, Комитет төрт функция атқарады: баяндамаларды қарау, алдын алу рәсімдері, қатысушы мемлекеттегі оның баяндамасын ұзартып алғанда және жеке хабарламалар бойынша пікір таласты өңдеген кезде жағдайды еріксіз қарау. Комитет жыл сайын өзінің іс-әрекеті бойынша Бас Ассамблеяға есеп беруі керек және қатысушы мемлекеттермен ұсынылған баяндамаларды зерделеу негізінде ұсынымдар мен ұсыныстар жасай алады.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою жөніндегі комитет

Бұл комитет төртжылдық мерзімге сайланатын 23 сарапшылардан тұрады және 1979 жылы Бас Ассамблеямен қабылданған, 1981 жылы күшіне енген **әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияның** жүзеге асуын бақылайды. Сарапшылар қатысушы мемлекеттермен өз азаматтарының арасынан сайланады.

Комитет жылына екі рет жиналады. Оның хатшылығы Нью-Йоркте. Отырыс үш аптаға созылады және әдетте қаңтар мен шілдеде өткізіледі:

- Ашық отырыстарда қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын алады және қарайды.

- Нақты мәселелер бойынша жалпы тәртіпте ескертулер жасайды.

- Конвенцияны сақтау туралы ақпарат беруге ҮЕҰ-ды ынталандырады.

- Комитет жеке тұлғалардың және үкіметтік емес ұйымдардың өтініштерін қабылдап, зерделей алады. Соңында Комиссия ЭКОСОС Кеңесіне есеп пен тиісті ұсыныстар береді.

1999 жылы 10 желтоқсанда қол қою үшін әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияға факультативті хаттама ашылды. Осыған байланысты әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою жөнінде жеке немесе мемлекетаралық хабарламаларды қарау үшін Комитетпен рәсімдеу ұсынылды.

Бала құқықтары жөніндегі комитет

Бала құқықтары туралы Конвенция (43 бап) төртжылға сайланатын 18 сапашылары бар Комитеттің бекілуін қарастырады. Кандидаттарды конвенцияның барлық қатысушы мемлекеттері ұсынады.

Комитет Женевада жылына үш рет отырыс ашады (қаңтар, мамыр-маусым және қыркүйек). Ол конвенциямен белгіленген міндеттемелерді орындаудағы қатысушы мемлекеттердің жеткен өрлеуін қарастырады:

- Жедел өтініштерді алу кезінде қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын ашық немесе жасырын алады және қарастырады.

- Мемлекеттерге конвенцияны жүзеге асыруға байланысты басымдылықтарды көрсету, сонымен қатар келешекке нақты мақсаттарды белгілеу өтініші бағытталады. Тиісті заңдар мен өзге де заңнамалық актілер баяндамаларға тіркелуі қажет.

- Бала құқықтарына қатысты аталмыш мәселелерді зерттеу өтнішімен Бас хатшыға Бас Ассамблея арқылы шығуын ұсына алады.

- Үкіметік емес ұйымдарды өз отырыстарына белсенді қатысуларын жұмылдырады¹⁶.

Қатысушы мемлекеттердің әр бір баяндамасын қарау қорытындысы бойынша Комитет қорытынды есекерту шығарады. Ол аталмыш мемлекетте жариялануы керек, сондай ақ мемлекеттер Комитеттің ұсыныстарын құрметтеуге және сақтауға міндетті.

Әр екі жылда Комитет өзінің қызмет бабы туралы баяндамасын Бас Ассамблеяға ұсынып отырады.

Барлық еңбекші көшіп-қонушылардың және олардың отбасыларының құқықтарын қорғау жөніндегі комитет

Бұл Комитетке қатысушы мемлекеттердің барлық еңбекші көшіп-қонушылардың және олардың отбасыларының құқықтарын қорғау туралы халықаралық Конвенцияны орындаулары үшін бақылау тапсырылған. Комитет өзінің сессиясын жыл сайын Женева қаласында өткізеді. Отырыс ашық түрде өтеді.

- Комитет Бас Ассамблеяға Конвенцияның орындалуы туралы жыл сайынғы баяндамасын ұсынады.

- Комитет мамандандырылған мекемелерге және БҰҰ органдарына, сонымен қатар үкіметаралық ұйымдарға оларды қарау үшін жазбаша ақпарат бере алады.

- Комитет қатысушы мемлекеттермен ұсынылған баяндамаларды қарайды.

¹⁶ БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы. 1989ж.

Қорытынды

Құқықтар мен бостандықтар ешқандай да жағдайда, тіпті төтенше жағдайдың кезінде шектелуі мүмкін емес. Бұл өмір сүру құқығы, жеке тұлғаның ар-намысы, азапталмау бостандығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, ар-ұждан бостандығы және басқалар. Адам құқығы теориясында бұл құқықтарды кейде абсолютті деп, ал шектеуге жататындарды – салыстырмалы құқық деп белгілейді.

Әрекеттегі Қазақстан Республикасының конституциясы адам құқықтары мен бостандықтарын жіктелуін анық қарастырмайды. Сонымен бірге, құқықтар мен бостандықтардың «жинағы» жалпытанылған стандарттарға сәйкес келеді және БҰҰ қабылданған екі халықаралық актіге келіп саяды.

Бірінші буынға азаматтық және саяси құқықтар жатады. Бұл жалпытанылған адам құқықтарының буындарының ішіндегі ең «ескісі». Жеке құқықтардың топтарына жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқығы (заңсыз қамауға алудан бостандық), жеке өмірдің қорғалу құқығы, хат алмасу құпиялығы, діни таным еркіндігі және т.б. тізімделді. Саяси құқықтарға жатқызуға болады – сайлау және сайлану құқығы, мемлекеттің ісін басқару құқылығы және тағы сол сияқты. Құқықтың бірінші буыны еуропалық және американдық философиядан және ХУІІІ ғасырдың саяси-құқықтық тәжірибесінен пайда болды. Одан кейін осы құқықтар БҰҰ құжаттарында - 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясында, 1966 жылғы азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактіде орын алды.

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары (мәдени құқықтармен қатар) екінші буын құқықтары болып табылады. Ол жеке адам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нормативтік бекілуімен және қолдауымен қатысты болады, сондай-ақ адамдар қорқыныш пен мұқтаждықтан еркін болатындай етіп жағдай жасау мақсатында оның еңбек және тұрмыс, жұмыспен қамтамасыз етілуі, әл-ауқаты, әлеуметтік қорғалуы аясындағы жағдайын белгілейді. Олардың іске асырылу көлемі мен дәрежесі көбінесе экономика мен ресурстардың қалпына байланысты болады, және сондықтан да олардың іске асу кепілдігі бірінші буын құқықтар ретіндегі азаматтық және саяси құқықтарға қарағанда әжептәуір дамыған. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың ерекшелігі:

- адам өмірінің белгілі бір әлеуметтік-экономикалық саласына таратылуы;

- ұсылынбалы, «қатаң емес» негізгі ережелердің тұжырымдамаларын рұқсат ету (мысалы, «абыройлы өмір», «еңбек жағдайының әділеттілігі және қолайлылығы», «қанағаттанарлық өмір сүру» Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 7-бабы);

- әлеуметтік-экономикалық құқықтардың жүзеге асуының экономика мен ресурстардың жағдайына байланысты болуы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 2-бабында осы

құқықтар біртіндеп және «бар ресурстардың шегінде» қамтамасыз етілуі қажет деп айтылған.

Ұзақ уақыт бойы екінші буындағы құқықтарға екінші кезектегі рөл аударылды, мұндай құқықтарды реттеу мүмкіншілігі теріс бағаланды. Осы құқықтарды дәл анықтау және заңды жіктеу мүмкін еместігі туралы түсінік үстемдік етті, себебі олар қамтамасыз ету мен құқықтық қорғау бойынша мемлекеттің тікелей міндеттемелігін тудыра алмайды. Кейін бұл ұстаным әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтардың теңдігін теріске шығарумен алмасты.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңызы шексіз. Халықаралық Пактінің преамбуласында айтылғандай, «қорқыныш пен мұқтаждықтан еркін, адамзаттық жеке тұлғаның еркін мұраты тек егер, әркім өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын қалай пайдаланса, солай өзінің азаматтық және саяси құқықтарын пайдалануына жағдай жасалған кезде ғана жүзеге асыуы мүмкін». Бұл көзқарасты БҰҰ Бас Ассамблеясы «экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтардың бөлінбестігін және өзара тәуелділігін» жариялай бекітті (1986 жылғы 4 желтоқсандағы резолюциясы).

Үшінші буынға ұжымдық құқықты жатқызады – оларды әрі ынтымақтастық құқық деп атайды. Бұл халықтың құқықтары, даму құқығы, бейбітшілікке құқық, қолайлы қоршаған ортаға құқылық және басқалар. Өткен жүзжылдықтың 70-80 жылдары БҰҰ азшылықтың құқықтары, халықтың құқықтары туралы құжатты өңдеді, аймақтық халықаралық нормалар қабылданды, Хельсиндік процесс өз үлесін салды. Кейбір зерттеушілер мен тәжірибеліктер (тік теорияның жақтаушылары) ұжымдық құқықтарды – халықтар құқығын, ұлттар, азшылдар құқығын адам құқықтарына жатқызбайды, себебі олардың ойы бойынша «адамның құқықтарының» субъектісі жеке тұлға болып саналады.

Адам құқықтарының теориясындағы әртүрлі негіздер бойынша құқықтар мен бостандықтардың жіктелуі әртүрлі болса да, кез-келген жіктеу ерікті болып табылады.

Адам құқықтарының классификациясы екі себеп бойынша: олардың мазмұны мен пайда болу уақыты контексінде егжей-тегжейлі қарастырылуы керек.

Олардың мазмұнына сәйкес азаматтық (жеке), саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени құқықтары мен бостандықтары ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы адам құқықтары мен бостандықтарының нақты жіктелуін толық қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» екінші тарауында белгіленген құқықтар мен бостандықтардың «жиынтығы» жалпы қабылданған стандарттарға және БҰҰ қабылдаған екі халықаралық келісімге сәйкес келеді.

